



**Желілік маркетинг, қоғамдық таратушылар, почта арқылы және басқа да тәсілдермен сату жолымен сауда орындарынан тыс бөлшек сауда ережесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 14 қыркүйектегі N 918 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 28 наурыздағы № 170 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.03.2022 № 170 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Желілік маркетинг, қоғамдық таратушылар, почта арқылы және басқа да тәсілдермен сату жолымен сауда орындарынан тыс бөлшек сауда ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2005 жылғы 14 қыркүйектегі  
N 918 қаулысымен  
бекітілген

**Желілік маркетинг, қоғамдық таратушылар, почта арқылы және басқа да тәсілдермен сату жолымен сауда орындарынан тыс бөлшек сауда ережесі**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Желілік маркетинг, қоғамдық таратушылар, почта арқылы және басқа да тәсілдермен сату жолымен сауда орындарынан тыс бөлшек сауда ережесі ( бұдан әрі - Ереже) "Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасының

2004 жылғы 12 сәуірдегі Заңына сәйкес әзірленді және желілік маркетинг, қоғамдық таратушылар, почта арқылы және басқа да тәсілдермен сату жолымен сауда орындарынан тыс бөлшек сауданы жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

2. Желілік маркетинг, қоғамдық таратушылар, почта арқылы және басқа да тәсілдермен сату жолымен сауда орындарынан тыс бөлшек сауданы жүзеге асыратын мемлекеттік органдар, сондай-ақ сауда қызметінің субъектілері өз қызметінде жоғарыда көрсетілген Заңды, сауда қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдерін және осы Ережені басшылыққа алады.

3. Осы Ереже Қазақстан Республикасының арнайы заңнамалық кесімдерімен реттелетін тауарлардың жекелеген түрлерінің айналымы жөніндегі қарым-қатынастарға қолданылмайды.

## **2. Осы Ережеде пайдаланылатын негізгі ұғымдар**

4. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бөлшек сауданың басқа тәсілдері - телекоммуникация құралдары, электронды байланыс, оның ішінде Интернет электронды желісі және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де тәсілдер арқылы сауда орындарынан тыс бөлшек сауда;

2) тапсырыс - белгілі бір тауарды (қызметті) сатып алуға нақты ниет білдірілген, сатып алуды жүргізу үшін қажетті талаптар (тауар саны мен сапасы, бағасы, жеткізу мерзімі және т.б.) жазылған, сатушы жауабының шектеулі мерзімі көрсетілген, тапсырыс берушінің сатушыға жіберген құжаты: осы мерзім ішінде сатушының өтінімді сөзсіз растауын алған кезде шарт жасалған болып саналады және екі тарап үшін де міндетті болады;

3) қоғамдық таратушылар - үйде, мекемелерде, ұйымдарда, кәсіпорындарда, көлікте немесе көшеде тауарларды ұсыну арқылы ықтимал сатып алушылармен тікелей жұмыс істейтін, кірісі тек сату көлеміне тәуелді сатушылар немесе агенттер;

4) желілік маркетинг - тауарды өз бетінше немесе басқа агенттерді тарту арқылы тарататын тәуелсіз сатушылар әрекет ететін, сауда орындарынан тыс бөлшек сауданың бір түрі, олардың кірісі дербес сатудан және олар желіге тартқан басқа агенттердің сатуынан түскен комиссиялық кірістен тұрады.

## **3. Желілік маркетинг, қоғамдық таратушылар, почта арқылы және басқа да тәсілдермен сату жолымен сауда орындарынан тыс бөлшек сауданы жүзеге асыру**

5. Желілік маркетинг, қоғамдық таратушылар, почта арқылы және басқа да тәсілдермен сату жолымен сауда орындарынан тыс бөлшек сауданың көмегімен сатылатын тауарлардың түр-түрін сатушы айқындайды.

6. Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе шартпен өзгеше белгіленбесе, не тауардың табиғи орамы болмаса, тауардың әр бірлігі оралуы, өлшеніп салынуы тиіс.

Сатушы сатып алушының тілегі бойынша тауарды арнайы ыдысқа (себеттер, қораптар, полиэтилен сөмкелер және басқалар) орап салу, тапсырыстарды сыйлық ретінде әсемдеп орау жөнінде қосымша қызметтер, тауарларды жеткізу жөнінде қызметтер көрсете алады.

Тауарлардың орамасы мен жеткізу құралдары санитарлық ережелер мен нормалардың талаптарына жауап беруі және тауарлардың сақталуын қамтамасыз етуі тиіс.

Тапсырысты жинақтау үшін төлем, тауарды сатып алушыға жеткізу жөніндегі , сондай-ақ басқа да қосымша қызметтер көрсеткені үшін шығыстар тапсырыстың құнына қосылады.

7. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерімен қандай да бір тауарларды сату кезінде тұтынушының жасы бойынша шектеу белгіленсе, егер тұтынушы жасын растайтын құжаттарды ұсынбаса, онда сатушы сатудан бас тартуы тиіс.

8. Егер сатушы тауардың кемшіліктерін айтпаған болса, сапасы төмен тауар сатып алған сатып алушы өз таңдауы бойынша сапасыз тауарды тиісті сапалы тауарға айырбастауға, тауардың сатып алу құнын мөлшерлес төмендетуді, тауардың кемшіліктерін қысқа мерзімде қайтарусыз жоюды, тауардың кемшіліктерін жою жөніндегі шығыстарды өтеуді немесе шартты орындаудан бас тартуды және тауарға төленген ақшалай соманы қайтаруды талап ете алады.

9. Қазақстан Республикасының аумағында төлемдер қолма-қол және қолма-қол емес есеп айырысу түрінде жүзеге асырылады.

#### **4. Желілік маркетинг және почта арқылы сату тәсілдерінен бөлшек сауданы жүзеге асырудың ерекшеліктері**

10. Тапсырыстарды қабылдау, беру және жеткізу сатып алушымен келісілген уақытта жүргізіледі.

11. Тапсырысты ресімдеу тапсырыстың реттік нөмірі, сатушының атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты, тауардың атауы, бағасы, саны, жалпы құны, қосымша ұсынылатын қызметтердің құны, тапсырысты қабылдаудың және орындаудың күні мен уақыты, сатып алушының тегі, аты, әкесінің аты, қолы және мекен-жайы, сондай-ақ өзге де келісілген шарттар көрсетілетін бланкіде екі данада жасалады.

Тапсырыс бланкісінің бірінші данасы сатып алушыға беріледі, екіншісі сатушыда сақталады. Егер алдын-ала төлем жасалған болса, тапсырыс бланкісінде арнайы белгі жасалады.

12. Сатушы қабылдаған тапсырысты жиынтықтау кезінде тауарлардың түр-түріне сатып алушымен келісусіз өзгеріс енгізбейді. Тапсырыс берілген тауарлардың қандай да бірінің болмауы туралы сатушы сатып алушыға ескертеді және оған тиісінше ауыстыруды ұсынады.

13. Тапсырысты беру кезінде сатып алушыға тауар төлемін растайтын кассалық (тауарлық) чек не өзге төлем құжаты беріледі.

14. Тапсырысқа алдын ала төлем жасаған, бірақ оны белгіленген мерзімде алмаған сатып алушыға, егер шартта өзгеше көзделмесе, ол төлеген ақша қайтарылады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне сәйкес тауарды уақтылы жеткізбеуден болған шығын өтеледі.

15. Төлем жасалған немесе алдын-ала төлем жүргізілген жағдайларда тапсырысты тиісті орындау тапсырыс бойынша жіберілген тауарды алудан (сатып алудан) бас тартқан жағдайда сатып алушы сатушының тауарды почта арқылы жіберуге кеткен шығыстарын өтейді.

## **5. Қоғамдық таратушылардың бөлшек сауданы жүзеге асыру ерекшеліктері**

16. Қоғамдық таратушылар жасайтын бөлшек сауда үйде, мекемелерде, ұйымдарда, кәсіпорындарда, көлікте немесе көшеде тауарларды ұсыну арқылы жүзеге асырылады.

## **6. Бөлшек сауданы басқа тәсілдермен жүзеге асыру**

17. Бөлшек сауданы сауда орындарынан тыс басқа тәсілдермен жүзеге асыру кезінде тауардың қандайда бір түрін сатып алуға тапсырыс ресімделеді, жеткізу уақыты мен орны, сондай-ақ сатып алынатын тауарға төлем тәсілі анықталады.

18. Тапсырыстарды қабылдау, беру және жеткізу сатып алушымен келісілген уақытта жүргізіледі.

19. Сатушы қабылданған тапсырысты жиынтықтау кезінде тауарлардың түр-түріне сатып алушымен келісусіз өзгерістер енгізбейді. Тапсырыс берілген тауарлардың қандай да біреуінің болмауы туралы сатушы сатып алушыға ескертеді және оған тиісінше ауыстыруды ұсынады.

20. Тапсырысты беру кезінде сатып алушыға тауар төлемін растайтын кассалық (тауарлық) чек не өзге төлем құжаты беріледі.

